

ЖШС «Рома-Айша» БАЛАБАҚШАСЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 10 қыркүйек 2025 жыл

Төрайымы: СарсенбаеваӘ.Ә

Хатшы: Біршымова А

Барлық педагогтер саны: 3

Қатысқан педагогтер саны: 3

«Ұлттық құндылықтар – тұлға тәрбиесінің негізі: «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудағы әдістемелік қолдау»

Мақсаты: Педагогтердің тәрбие жұмысына ұлттық құндылықтарды кіріктіру әдістерін талдау, баланың бойында еңбекқорлық, жауапкершілік пен патриотизмді дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар беру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, оқу -тәрбие үрдісіне енгізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақшада "2025-2026 оқу жылындағы Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы" бойынша әдістемелік кеңес ұйымдастырылды. Балабақша басшысы Сыдықбекова Асель Салауатовна Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылғы 15 наурыздағы ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты отырысында берілген тапсырмасына сәйкес «Жаңартылған Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұсынылғанын айтты.Бағдарламада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы шеңберіндегі ұйымдастырылатын іс-шаралар мен жобалардың өткізілетін деңгейлері мен уақыттары, жүзеге асырушы жауапты тұлғалар көрсетілген. Министрлік Бағдарламаны жаңа оқу жылынан яғни 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдарына енгізуді жоспарлағандықтан, балабақшадағы оқу тәрбие үрдісіне Нұсқау хаттың «Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі» талабының қосымша бағдарламасы ретінде енгізу ұсынылды.

Әдістемелік кеңес барысында «Үлгілік бағдарламаны және білім беру бағдарламалары бойынша талқылау жұмысы жүргізіліп, "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында тәрбие ұштағанының идеологемалары туралы кеңінен ақпараттар берілді.

ШЕШІМ:

1. Балабақша педагогтері «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мазмұнымен таныстырылсын.

2.ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібінің екінші «Бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, оқу -тәрбие үрдісіне енгізу» мәселесі бойынша әдіскер *Ыршымова А.С.* сөз сөйледі. Қазіргі таңда жұмыс жасап отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген) «әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады» - деген бағытын негізге ала отырып және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасынадағы ұлттық құндылықтар негізіндегі міндеттерді оқу тәрбие процесінде жүргізіліп жатқаны айтылды. Дегенмен, Министрлік Біртұтас тәрбие Бағдарламаны жаңа оқу жылынан яғни 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдарына енгізуді жоспарлағандықтан, балабақшадағы оқу тәрбие үрдісіне Нұсқау хаттың «Үлгілік бағдарламаны және білім беру (*вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша*) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі» талабының қосымша бағдарламасы ретінде енгізу ұсынылды. Сонымен қатар, балабақша жылдық жоспарының «Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру» бөлімінің «Педагогтердің өз білімін жетілдіруі» бағытын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесінен алуды ұсынды.

2025-2026 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері, тәрбиенің жаңартылған парадигмасы, тәрбиенің қазіргі беталысы және құндылықтар жүйесі, құндылықтарталқыланды.

Әдістемелік кеңестің барысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны, құндылықтар жүйесі, тәрбие ұштағанының

WEIM:

- Төр айыбың:**
- Катшык:**
- БСН 180440035864

СарсенбаеваӘ.Ә
Ыршымова А